

«Мүмкіндікті жіберіп алма!» акциясының ережелері мен шарттары

1. «Мүмкіндікті жіберіп алма!» акциясы (бұдан әрі – Акция) туралы жалпы ақпарат:

- 1.1. Жарнама Акциясына тапсырыс беруші: «Kaspi Bank» АҚ.
- 1.2. Акция өткізілетін жер – Қазақстан Республикасының аумағы.
- 1.3. Сауда орындарының тізімі осы Ереженің 1-қосымшасында жарияланған.
- 1.4. Акцияға қатысушылар: Акция өткізілетін кезеңде «Kaspi Bank» АҚ-да несие алған Банктің клиенттері (бұдан әрі – Қатысушы). Тапсырыс берушінің, Ұйымдастырушының Акцияны ұйымдастыруға және өткізуге тікелей қатысатын қызметкерлеріне, Тапсырыс берушімен ерекше қарым-қатынастағы тұлғаларға қатысуға рұқсат берілмейді.
- 1.5. Акция өткізілетін кезең: 2013 жылғы 25 қазаннан бастап 2013 жылғы 15 желтоқсанды қоса алғанға дейін.

2. Жұлде қоры:

- 2.1. Тапсырыс берушінің логотипі бар кәдесыйлар;
- 2.2. Сауда ұйымынан 5 000 теңгеге тауар сертификаттары (бұдан әрі – Сертификат);
- 2.3. Сауда ұйымынан миллион теңгеге тауар сертификаты (бұдан әрі – Сертификат);
- 2.4. Тапсырыс беруші жұлденің ақшалай баламасын бермейді.
- 2.5. Сертификатты нақты пайдаланған күнге дейін Қатысушы несиеден бас тартқанда және несиеге алған тауарды қайтарғанда, Сертификаттың күші несиеден бас тартқан және тауарды қайтарған күні жойылады.
- 2.6. 5 000 теңгеге және 1 000 000 теңгеге Сертификатты 2014 жылғы 10 қаңтардан бастап 31 қаңтарды қоса алғанға дейінгі кезеңде алуға болады.

3. Акцияға қатысу ережелері және Акция жеңімпаздарын анықтау

- 3.1. Егер Қатысушы Акцияға интерактивті ойын арқылы қатысқан жағдайда: Қатысушы веб-камерасы бар телевизор мен ноутбук тұрған промо-аймаққа өтеді.
- 3.2. Скретч-картадағы Код ойынға қолжетімділік береді.
- 3.3. Ойын процесін іске қосу үшін Тапсырыс берушінің қызметкері «Ойнау» кнопкасын басып, содан кейін Кодты енгізуі тиіс.
- 3.4. Қатысушыға 3 рет ойнау мүмкіндігі беріледі – жаттығу, бірінші есептік және екінші есептік. 2-інші және 3-інші ойнау мүмкіндігінде жинаған ең жақсы балл саны қорытынды нәтиже болып саналады. Ойын процесі виртуалды қапшыққа монеталар жинаудан тұрады.
- 3.5. Монеталар кездейсоқ тәртіппен және кездейсоқ жүйемен тұрмыстық техниканың төрт элементінен түсіп отырады.
- 3.6. Әр жасалған мүмкіндіктен кейін Қатысушыға ойынның ағымдағы және үздік шоты берілген терезе көрсетіледі.
- 3.7. Қатысушының ойын балының белгілі бір деңгейін жинауы жұлде алу критерийі болып табылады (төменнен қар.).
- 3.8. «Жеңіс» параметрлері:
 - 1) 0 – 495 балл – Қатысушы Тапсырыс берушінің логотипі бар кепілдендірілген кәдесый алады;
 - 2) 500 – 995 балл – Қатысушы сауды ұйымынан 5 000 (бес мың) теңгеге тауар сертификатын алады;
 - 3) 1000 + балл – Қатысушы сауды ұйымынан 1 000 000 (бір миллион) теңгеге тауар сертификатын алады.
- 3.9. Қатысушыға берілген Код ойында тек 1 (бір рет) қолданылады.
- 3.10. Егер Қатысушы несие ресімдеген кезде Ойынға қатысудан бас тартса, оған скретч-карта берілмейді. Коды бар скретч-картаны басқа уақытта алуға болмайды.
- 3.11. Егер Қатысушы Кодты ноутбук арқылы іске қосып, ойынды техникалық ақау себебінен аяқтай алмаса (мысалы, электр энергиясын беру тоқтатылса, ойын қосылған қосымша өшіп қалса және т.б.), ол Кодты қайта енгізіп, ойынды қайтадан бастай алады.
- 3.12. Егер Қатысушы Кодты ноутбук арқылы іске қосып, өз қалауымен ойынды аяқтамаса (көңілі алданса, ойнағысы келмесе және т.б.), Кодты қайта қолдануға болмайды.
- 3.13. Скретч-картаның қорғаныс қабатын өшіру арқылы Кодты тек несие ресімделген күні іске қосуға болады.

3.14. Егер Қатысушы Акцияға мезеттік скретч-карта таңдау арқылы қатысса, Қатысушы Тапсырыс берушінің қызметкеріндегі қапшықтың ішіндегі скретч-картаның кез келген біреуін таңдайды да, қорғаныс қабатын өшіреді.

3.15. Қорғаныс қабатының астында Код пен Қатысушының ұтып алған жүлде түріне нұсқау жазылған жол бар.

4. Жұлделерді алу шарттары

4.1. Тапсырыс берушінің қызметкері Қатысушыға Тапсырыс берушінің логотипі бар кепілдендірілген кәдесыйды Акцияға қатысу нәтижелері анықталғаннан кейін береді.

4.2. Сауда орындарында 5 000 теңгеге немесе 1 000 000 теңгеге тауар сертификатын ұтып алған Қатысушы (бұдан әрі – Жеңімпаз) сертификаттың номиналын пайдалану үшін:

1) 2014 жылғы 10 қаңтардан бастап 2014 жылғы 31 қаңтарды қоса алғанға дейінгі кезеңде тауар сертификаты ұтып алынған сауда ұйымындағы Тапсырыс берушінің қызметкеріне өтініш білдіруі керек;

2) Тапсырыс берушінің қызметкеріне жеке куәлігін көрсетуі керек. Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші сертификатты бермеуге құқылы;

3) Жеңімпаздың жеке куәлігі көрсетілгеннен кейін Тапсырыс беруші Сертификатты – дербес коды бар растаманы басып шығарады;

4) Жеңімпаз Сертификатты таңдаған тауардың ақысын төлеген кезде сауда орнының кассасында көрсетеді.

Сертификатты тек Сертификатта көрсетілген күні (сертификат берілген күні) және Сертификатта көрсетілген сауда орындарында пайдалануға болады.

4.3. Жеңімпаз Сертификатты Ереженің 2.6.-тармағында көрсетілген кезеңде ала алады. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін Сертификат берілмейді. Қатысушы Жеңімпаз мәртебесін жоғалтады.

4.4. Осы Акцияның аясында сауда ұйымдары беретін тауарлар мен қызметтің сапасына сауда ұйымдары жауап береді.

4.5. Егер тауардың құны Сертификатта көрсетілген номиналдан артық болса, Жеңімпаздың таңдаған тауары үшін айырманы төлеуге құқығы бар.

4.6. Егер тауардың құны Сертификатта көрсетілген номиналдан аз болса, айырмасы Жеңімпазға өтелмейді.

5. Басқа шарттар:

5.1. Акцияға қатысушылардың «Мүмкіндікті жіберіп алма» акциясының ережелері мен шарттарымен» танысып шыққаны Акцияға қатысу фактісін білдіреді.

5.2. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының осы Ережемен және шарттармен толық келісетінін растайды.

5.3. Акцияның ережелері мен шарттары www.kaspibank.kz сайтында жарияланған.

5.4. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Акциядан бас тартуға немесе оны өткізу мерзімдерін, жүлде қорын, сондай-ақ осы шарттарды қалауынша өзгертуге құқылы. Акция бойынша өзгерістер мен толықтырулар www.kaspibank.kz сайтында жарияланады.